

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ТІЛІ

Төрт түлік

ЖАРИЯЛАНДЫ
28.11.2020

СІЛТЕМЕ
<https://bilimgger.kz/85901/>

<p>Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы: 4-бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі Мектеп: №34 орта мектебі Күні: 25.11.2019 жыл Мұғалімнің аты-жөні: Айзакова Алина Жолмуратовна Сынып: 5 Қатысқандар: 25 Қатыспағандар: 0 Сабақ тақырыбы: Төрт түлік.</p>		
Оқу мақсаты	<p>5.3.3.1-мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін ажырату. 5.4.3.1-көп мағыналы сөздер мен омонимдерді дұрыс қолдану.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>Барлық оқушылар орындай алады: Мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады, мәтіндегі көп мағыналы сөздер мен омоним сөздердің қолданылу аясын түсініп, ажырата біледі. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтінді оқу арқылы сұрақтар құрастырады, мәтіндегі ақпараттарды талдайды. Кейбір оқушылар орындай алады: Мәтіндегі ақпараттар негізінде өзі ой-тұжырым жасайды, алған білімді өмірде қолдана біледі.</p>	
Бағалау критерийі	<p>— мәтіннің жанрлық ерекшеліктерін ажыратады — мәтіндегі көп мағыналы сөздер мен омонимдерді дұрыс қолданады</p>	
Тілдік мақсаттар	<p>Оқушылар орындай алады: мәтінді мұқият оқиды, мәтіннің жанрлық ерекшелігін ажыратады, мәтіннен көп мағыналы сөздерді табады, мәтіннен омонимдерді табады, көп мағыналы сөздер мен омонимдерді дұрыс қолданады. Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: көп мағыналы сөздер, омонимдер, буыршың, буырлыш, нарша, сәйгүлік, наз бедеу, шыбыш, серке, тұсақ, азбан, ісек. Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: құрау-құрау; шөре-шөре; көс-көс; аухау-аухау. <i>Талқылауға арналған сұрақтар:</i> Қазақ халқы неге малды қастерлеген? Қазақ халқы төрт түлік малды неліктен қазына деп санаған?</p>	
Құндылыққа баулу	<p>Ұлттық құндылықтарды дәріптеуге, төрт түлік малды қастерлеуге, еңбексүйгіштікке баулу.</p>	
Пәнаралық байланыс	<p>Жаратылыстану, қазақ әдебиеті</p>	
Алдыңғы білім	<p>Жануарлар әлемін, олардың тіршілік ету ортасын біледі.</p>	
Жоспар		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар

5 минут	<p>Үйымдастыру: Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. «Ыстық орындық» әдісі арқылы өткен тақырыптарға шолу жасау.</p> <ol style="list-style-type: none"> Сөздің тура мағынасы дегеніміз не? Мысал келтір. Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз не? Мысал келтір. Синонимдер дегеніміз не? Мысал келтір. Антонимдер дегеніміз не? Мысал келтір. <p>С. Оқылым алды тапсырмасы. Формасы: ТЖ Ойлан, тап. Тақырыпты ашу. Оқушылар берілген жұмбақтарды шешу арқылы бүгінгі тақырыпты ашады, топқа бөлінеді. Кішкене ғана бойы бар, Айналдыра киген тоны бар.(қой) Бетегелі белге бітем, Найза ұстаған ерге бітем.</p> <p>(жылқы) Басында мүйізі бар, Үстінде киізі бар. (сиыр) Апан-апан ескі шапан Іір қобыз Жарық жұлдыз. (түйе) Жаңа сабақты түсіндіру. Сөздің екі не одан да көп мағынаға ие болуын сөздің көп мағыналылығы дейміз. Көп мағыналы сөздер бір негізден таралады да, бір сөз табына қатысты болады. Мысалы: 1) бас (зат есім) - адамның, жануардың, жәндіктің дене мүшесі 2) шөптің, ағаштың ең жоғарғы жағы 3) таудың ең үсті, төбесі 4) өзеннің, бұлақтың басталған жері 5) таяқтың ұшы 6) балтаның, шоттың жүзі бар жағы 7) бір нәрсенің айналасы</p> <p>Біркелкі дыбысталап айтылатын, бірақ мағынасы басқа-басқа сөздердің тобын омонимдер дейміз. Омонимдер мағыналары жағынан бір-бірінен соншалықты алшақ болады да, кейде бір сөз табына, кейде әр басқа сөз табына қатысты болып, дараланып тұрады.</p>	«Жұмбақтар» кітабы Интербелсенді тақта
25 минут	<ol style="list-style-type: none"> қара шаш-заттың түсін білдіретін сындық мағыналы сөз тақтаға қара-қимыл-әрекетті білдіретін етістік <p>Оқылым тапсырмасы. Формасы: ЖЖ Әдісі: Дауыстап оқу А) Берілген мәтінді мұқият оқы. Мәтін жанрын анықта. 4-тапсырма. Төрт түліктің атаулары. Дескриптор: -мәтінді оқиды — мәтін мазмұнын түсінеді -сұрақтар құрастыра алады -мәтін жанрын анықтайды Қалыптастырушы бағалау: Бірін-бірі бағалау, «Екі жұлдыз, бір тілек» , графикалық жұлдыздар арқылы</p> <p>Формасы: ӨЖ Әдісі: Ә) 5-тапсырма. Төмендегі сөздердің көп мағыналы және омонимдік тіркесін құра. Дескриптор: -көп мағыналы сөздердің тіркесін құрады -сөздердің омонимдік тіркесін құрады -көп мағыналы сөздер мен омонимдерді ажырата біледі. Қалыптастырушы бағалау: мұғалімнің бағалауы, ауызша комментарий</p> <p>Оқылымнан кейінгі тапсырма</p> <p>Формасы: ӨЖ Әдісі: «Венн диаграммасы» көп мағыналы омоним</p>	Оқулық
10 минут	<p>Қалыптастырушы бағалау: мұғалімнің бағалауы, графикалық сурет қиындылары арқылы Рефлексия Сабақ барысында көңіл-күйіңіз қандай болды? Неліктен? Бүгін не білдіңіз? Сіз үшін не жаңалық болды? Сабаққа қатысуыңызды қалай бағалайсыз? Сабақта қандай қиындықтар туындады? Сабақ аяқталғанда көңіл-күйіңіз қандай? Неліктен?</p> <p>Үйге тапсырма: «Төрт түлік-қазағымның қазынасы» тақырыбында эссе жазу. Эссе жазу барысында көп мағыналы сөздерді, омонимдерді қолдану.</p>	

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.